

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті



Кәсіпорынның табыстылық көрсеткіштерін талдау.

Пән: Экономикалық талдау

Орындаған: Өмірзақ Б.А.

Қабылдаған: Утегенова К.А.

Оқу тобы: ЭК-17-1



Кәсіпорын табысының қалыптасуы және оның орналастырылуы (үлестірілуі, пайдаланылуы) оның кәсіпкерлік қызметінің ерекшеліктерімен және стратегиялық мақсаттарымен анықталады. Кәсіпорынның жалпы табысы оның ағымды кезеңдегі негізгі, қаржылық, инвестициялық қызметтерден, төтенше жағдайлардан алынған табыстарының жиынтығынан қалыптасады. Жалпы табыстың құрамында кәсіпорынның барлық қызмет түрлерінен алынған табыстары кіреді. Бірінші кезекте жалпы табыс өнімді өткізуден, яғни негізгі қызметтен алынған табысты қамтиды. Бұл табыс жалпы өнімді өткізуден түскен сомадан қосылған құн салығы мен акциздерді өнімді өндіруге, өткізуге кеткен шығындарды шегеріп тастау арқылы анықталады. Екіншіден, жалпы табыстың құрамына тауарлық емес өнімдерді сатудан алынған табыс, яғни кәсіпорынның балансында есептелетін қосалқы өзгерістердің (ауыл шаруашылық өндірісінің, көлік шаруашылығының және басқа да шаруашылықтардың) табыстары кіреді. Үшіншіден, жалпы табыстың құрамына негізгі қорларды және өзге де мүліктерді сатудан түскен табыс кіреді. Сондай-ақ, жалпы табыс өткізілімнен тыс алынған табыстар мен шығындарды, яғни тауар немесе қандай да бір активті сатудан тыс операциялардың нәтижесін қамтиды. Кәсіпорынның қарамағында қалатын жалпы табысы әрі қарай үлестіру объектісі ретінде қарастырылады. Оны үлестіруді табыстың бір бөлігін мемлекеттік бюджетке және басқа да міндеттемелерді өтеуге, ал қалған бөлігін кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарына сәйкес мүдделеріне бағыттау деп түсінуге болады. Табысты үлестіру заңдылығы-салықтар мен басқа да міндетті төлем шарттары түрінде түрлі деңгейдегі бюджетке түсетін бөлігі. Содан кейін қалатын табысты үлестірудің бағытына анықтау кәсіпорынның құзыретіне жатады.

- Табысты өндiрiс және қызметтердiң табысы
- - кәсiпорынның өндiрiс және қызметтердiң инвестициялық қымметтерден алынған табысы шаруашылық субъектiнiң қарамағында бөленедi.
- - мемлекеттік және алымдар ретiнде мемлекеттік бюджетке түседi. Салықтардың және басқа да мiндеттi әлеуметтік бюджеттердiң есебiне түсу тәрiпi бойынша түрiе белгiленедi.
- -салықтардың және басқа да мiндеттi субъектiнiң қарамағында қалатын табыс өндiрiс және қызметтердiң өндiрiс және өндiрiс-шаруашылық субъектiнiң инвестициялық қызметiнiң жақсаруына және өндiрiс және қызметтердiң қызметiнiң жақсаруына қолынын арттыруға көмектiстей болуы керек.
- Кәсiпорынның тәрi жарналарынан қамтамасыз етiсiн қорларға ал қалаға бөленедi. Қорларына түседi.
- Кәсiпорын қарамағында қалатын табыс (таза табыс) екi бөлiкке бөленедi. Бiрiншi бөлiк жұмысшы қорларына екiншi бөлiгi жинақтау қорларына бағытталады.
- Тұтыну қорларына бағытында қолданылып табыс кәсiпорынның мүлдiн арттыру мақсатында өндiрiсiк активтердi, жана технологияларға енгiзу, сондай-ақ, қосымша еңбек ресурстарын тартуға жұмсалып кәсiпорынның капиталын ұлғайтуға орналастырылған табыс өндiрiсiгi өнiмнiң көлемiн арттыруға өнiмнiң өндiсi құрамына қондетуге, түптiп келгенде шаруашылық субъектiнiң келешектегi әлеуеттi (потенциалды) табыс табығын арттыруға қолыны шарты болып табылады.
- Сондай-ақ, табыс тек өндiрiс процесiне орналастырылып қана қоймай, сонымен қатар жұмысшылар мен қызметкерлердiң әлеуметтік мұстаждықтарын қамтамасыз етуге олардың балалары мен жетiмдерiн жауапкершiлiгiн арттыруға, оларға қосымша сыйақылар төлеуге, басқа да әлеуметтік қажеттiктерiн қаржыландыруға жұмсалады. Бұл, өз кезегiнде, қызметкер тарапынан еңбекке деген артықшылық септiгiн тигiзедi.
- Жинақталу қорларына бағытталады табыс алуан түрлi қосымша қорларды қалыптастыруға жұмсалады: әлеуметтік сақтандыру қоры, резервтік қорлар, экологиялық қор және тағы басқа да қорлар. Бұл кәсiпорындардың келешекте болу ықтимал күтпеген шығындар мен зияндардың орнын толтыруға, қоғам өмiрiне өндiрiс барысынан келетiн зиянды өтеуге, сондай-ақ қолайлы жағдайлары туындаған кездерде резервтік қорлардағы қаражаттар есебiнен қосымша күтпеген табыстарды алу мүмкiндiктерiн жүзеге асыруына көмекiн тигiзедi.

```
graph TD; A[Өнімдер] --> C((Табыстылық көрсеткіштері)); B[Жалпы активтер (авансталған, жиынтық капитал) және олардың жекелеген элементтері] --> C; D[Ақша қаражаттары таза ағымы (немесе түсімі) негізінде есептелетін табыстылық көрсеткіштері] --> C;
```

Өнімдер

Жалпы активтер (авансталған, жиынтық капитал) және олардың жекелеген элементтері

Ақша қаражаттары таза ағымы (немесе түсімі) негізінде есептелетін табыстылық көрсеткіштері

Табыстылық көрсеткіштері

ТАБЫС ӨЗ ҚЫЗМЕТТЕРІН ТИІМДІ ОРЫНДАЙ АЛУЫ ҮШІН КЕЛЕСІДЕЙ НЕГІЗГІ ШАРТТАР ҚАЖЕТ БОЛАДЫ :

- 1) **ЖУЫҚТАУДЫҢ БЕЛГІЛІ БІР ДӘРЕЖЕСІНДЕ, ӨНІМ БАҒАСЫ ЕҢБЕКТИҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАЖЕТТІ ШЫҒЫНДАРЫН КӨРСЕТУІ ТИІС ЖӘНЕ ОЛ СОНДАЙ-АК ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ ҮЗДІКСІЗ ӨСУІ МЕН ӨЗІНДІК ҚҰНЫН ТӨМЕНДЕУІН ЕСКЕРУІ ҚАЖЕТ.**
- 2) **БҰЙЫМДАРДЫ КАЛЬКУЛЯЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН АНЫҚТАУ ЖҮЙЕСЫ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕЛГЕН БОЛУЫ КЕРЕК.**
- 3) **ТАБЫСТЫ БӨЛУ (ТАРТУ) МЕХАНИЗМІ БЕЛСЕНДІ РОЛЬ АТҚАРУЫ КЕРЕК ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІҢ ДАМУЫ МЕН ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА ЫНТАЛАНДЫРУШЫ ФАКТОР БОЛУЫ ТИІС.**
- 4) **ТАБЫСТЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАҢУ ТЕК ҚАЛҒАН БАРЛЫҚ ҚАРЖЫ ТҮТҚАДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІНДЕ (АМОТИЗАЦИЯЛЫҚ АДАРЫМДАР, ҚАРЖЫЛЫҚ САНКЦИЯЛАР, САЛЫҚ САЛУ, АКЦИЗДЕР, ЖАЛ ТӨЛЕМІ, ДИВИДЕНДТЕР ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР, АРНАЙЫ ҚОРЛАР, САЛЫМДАР, ЖАРНА ТӨЛЕМДЕРІ, ИНВЕСТИЦИЯЛАР, ЕСЕП АЙЫРЫСУ НЫСАНДАРЫ, НЕСИЕ ТҮРЛЕРІ, ВАЛЮТА ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР КУРСЫ ЖӘНЕ Т.Б) ҒАНА МҮМКІН.**

Табыс кәсіпорын қызметіндегі атқаратын рөлі үлкен, ол кәсіпорынның мүлкінің ұлғаюының, қарыз құжаттар тартудың, жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуының алғы шарты болып табылады.

Табыс таппай кәсіпорын кредиторлар мен инвесторлар тарапынан қосымша қаражаттар тарту

мүмкіндігіне үміт арта алмайды.

Сонымен қатар, табыс кәсіпорынның ішкі қаржылық мұқтаждықтарының негізгі көзі болып қоюмен шектеліп қана қоймайды, ал қоғам өмірінде, мемлекеттік бюджет ресурстарының, бюджеттен тыс қорлардың және қайырымдылық қорларының қаражаттарының қалыптасуында да үлкен рөл атқарады.

АБСОЛЮТТІ КӨРСЕТКІШ



САЛЫСТЫРМАЛЫ
КӨРСЕТКІШ

**КӘСІПОРЫН
ТАБЫСТЫЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Абсолюттік көрсеткіштерді талдау

Тиімділік деп кәсіпорын қызметі тиімділігінің ең басты экономикалық көрсеткіші аталады. Оның екі түрі бар:

Кәсіпорынның тапқан пайдасының өндірістің негізгі және айналмалы қорларының құнына қатысы;

Кәсіпорынның тапқан пайдасының сатылған өнімінің өзіндік құнына қатысы.

Кәсіпорынның қызметінің тиімділік деңгейлік бағалау үшін алынған нәтижеге (жалпы табыс, пайда) кеткен шығындар немесе пайдаланған ресурстармен салыстырылады. Пайданың шығындармен өлшемдестігі пайдалылықты немесе толығынан пайдалылық мөлшерін білдіреді.

Практикада кәсіпорын қызметінің бірнеше пайдалылық көрсеткіштері қолданылады.

Өнімнің пайдалылығы барлық сатылған өнімнің және оның жеке түрлерін есептегенде ғана мүмкін болады.

Бірнеше жағдайда ол өнімді сатқандағы пайданың және оны өндіруге және сатуға кеткен шығындардың қатынасын анықтайды. Барлық сатылған өнімнің пайдалылығын тауарлы өнімді сатудан алынған пайданың өткізуден алынған түсімнің қатынасына есептен шығарады; баланстық пайда жөнінде - өнімді сатудан алынған түсім; таза пайда жөнінде - өнімді сатудан алынған түсім. Барлық өнімді сатудағы пайдалылық көрсеткіштері кәсіпорынның ағымдағы шығындарының тиімділігі және өнімді сату табысы жөнінді түсінік білдіреді.

Өндіріс қорларының пайдалылығы баланстық пайданың негізі өндірістік қорлардың және айналым қаржыларының жылдық орташа құнына қатынасы. Бұл көрсеткішті таза пайда арқылы да есептеуге болады.

Кәсіпорынның жеке қаржысының пайдалылығы таза пайданың баланс арқылы есептелінетін оның жеке қаржысының қатынасымен анықталады.

Найда қалыптастыруға ықпал ететін несие бойынша процент мөлшерлемесі:

Басқа кәсіпорындарының үлес қосуынан түскен табыстар;

Құнды қағаздардан түскен табыстар;

Алынған айыппұлдан асып түсу, өсімақы, төлемнің тұрақсыздығы.

Салыстырмалы көрсеткіштерді талдау

Шығынның белгілі бір мөлшерін мейлінше тиімдету – шаруашылықты жүргізудің әр түрлі мәселелерін шешуге келгенде басты талап осы болып отыр. Тек қанша өнім өндүрілгендігінің ғана емес, оны өндіруге қанша еңбек жұмсалғандығының да маңызы зор.

Мәселенің бұлай қойылуы мынаны аңғартады: шикізат пен материалдарды жұмсай отырып шикізаттың әрбір өлшеміненеғұрлым көп өнім алуға, шығарылған бұйымдардың өнімдік құнын төмендетіп, кәсіпорындардың пайдасын көбейтуге, өндірістің тиімділігін арттыруға жету керек.

Егер кәсіпорын ішкі шаруашылық резервтерін тауып, пайдаланудың негізгі бағыттарын қорытындылауға талпыныс жасалса, онда оларды үш топқа бөлуге болады. Өндіріс тиімділігі, біріншіден, негізгі өндірістік қорлардың пайдаланылуын жақсартудың, екіншіден айналмалы өндірістік қорларды неғұрлым тиімді пайдаланудың және үшіншіден, кәзіргі еңбек шығындарының нәтижелілігін жақсартудың есебінен арттырылады.

Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігін молайтудың басты шарты – еңбек өнімділігін барынша арттыру және өнімдік құнды арзандату. Басқада біркелкі жағдайларда өнімнің өнімдік құны неғұрлым арзан болған сайын тиімділік неғұрлым жоғары болатыны белгілі. Кәсіпорынның тиімділігіне сонымен қатар, өнімнің немесе шикізаттың тауарлардың сапасы да едеуір ықпал етеді, өйткені жоғарғы сапалы өндірілетін тауарларды көтеріңкі бағамен сата алады.

Пайдалылық көрсеткіштер жүйесі ең алдымен қаржылық нәтижелердің абсолютті көрсеткіштерінен тұрады, олар: өнімді (жұмыс, қызметті) өткізуден алынатын табыс; жалпы табыс; негізгі қызметтен алынатын табыс; салық салынғанға дейінгі дағдыны қызметтен алынатын табыс; салық салынғаннан кейінгі дағдыны қызметтен алынатын табыс; төтенше жағдайлардан алынған табыс; кәсіпорын қызметінің соңғы қаржылық нәтижесі болып табылатын таза пайда.

Кәсіпорынның пайдалылық көрсеткіштерінің өсуіне шаруашылықты жүргізуші субъектінің өзі де, мемлекетте мүдделі. Сондықтан әр кәсіпорында табыстылықтың абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштеріне жүйелі түрде талдау жасау қажет.

Пайдалылық көрсеткіштерін талдау міндеттеріне мыналар жатады:

Пайдалылықтың абсолютті көрсеткіштерінің жоспарының орындалуын бағалау.

Пайданың қалыптасуының құрамдас элементтерін зерттеу.

Пайдаға әсер ететін факторлардың әсерін анықтау және сандық өлшеу.

Пайданы бөлу бағыттарын, пропорцияларын және тенденцияларын зерттеу.

Пайданың өсу резервтерін анықтау.

кәсіпорынның даму перспективасын ескере отырып, пайданы тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар жасау.

Пайдалылық (рентабельділіктің) әр түрлі коэффициенттерін және олардың деңгейлеріне әсер етуші факторларды зерттеу.